

Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 29 маусымдағы № 146/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 18949 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 110/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.02.2024 № 110/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.09.2022 № 347/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алу және сақтау қағидалары бекітілсін.

2. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 131 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13319 болып тіркелген, 2016 жылғы 10 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Цифрландыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2019 жылғы 29 маусымдағы
№ 146/НҚ бұйрығымен
бекітілген

"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алу және сақтау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 03.05.2023 № 171/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алу және сақтау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алудың және сақтаудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басшылық пен салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) бастапқы бағдарламалық код - бағдарламалаудың қандай да бір тіліндегі немесе белгілеу тіліндегі адам оқи алатын және қайтадан пайдаланылатын компьютерлік бағдарлама мәтіні;

3) репозиторий – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық операторы көрсететін ақпараттық-коммуникациялық қызметтері негізінде ұсынылатын және ақпарат түрі бойынша құрылымдалған объектілер сақтау орны ;

4) "Электрондық үкіметтің" архитектуралық порталы – сыныптауышқа сәйкес "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алуды, сақтауды және жүйелендіруді жүзеге асыруға және ақпараттандыру саласында мониторингтеу, талдау және жоспарлау үшін мемлекеттік органдардың одан әрі пайдалануына арналған ақпараттық жүйе;

5) компиляция – бағдарламаны жоғары деігейлі тілден машиналық тілге аудару;

б) бағдарламалық өнімнің құрастырылған модульдері (компоненттері) – әзірлеушілер тікелей құрған бағдарламалық өнім, сондай-ақ бөгде әзірлеушілердің, құрастыру, орнату және толық жұмыс істеуі үшін қажетті баптаулары мен жұмыс деректері бар файлдар.

3. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алу және сақтау "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 1-тармағына және сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етуге (бұдан әрі – Тізілім) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 3-1-тармағына сәйкес бірыңғай есепке алу жүйесін құру, ол

жоғалған жағдайда сатып алынған бағдарламалық өнімді ауыстыруды қамтамасыз ету, қайта пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2-тарау. Әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде) және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің лицензиялық бағдарламалық қамтылым параметрлерінің кешенін есепке алудың және сақтаудың тәртібі

4. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің және Тізілімге енгізілген бағдарламалық қамтылымның әзірленген бағдарламалық қамтылымын , бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алуды және сақтауды уәкілетті орган ұйымдастырады және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – оператор) жүзеге асырады.

5. Есепке алуға және сақтауға жатады:

1) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің және Тізілімге енгізілген бағдарламалық қамтылымның бастапқы бағдарламалық кодтары:

бағдарламалық өнімді әзірлеушілер тікелей жазған бастапқы бағдарламалық кодтарды, сондай-ақ жобада пайдаланылатын бөгде әзірлеушілер кодтарын;

қолмен немесе автоматты компиляциялауға арналған қажетті қызметтік файлдар;

компиляция процесінің сипаттамасы (даму ортасы мен оның нұсқасын көрсете отырып), бағдарламалық өнімді құрастыруға қажетті даму ортасының параметрлерінің ерекшеліктері;

2) жүктеу файлы, бағдарламалық өнімді орнату бағдарламасының қалыптасқан пакеттерін қамтиды;

3) қажет болған жағдайда "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иесі және Тізілімге енгізілген бағдарламалық қамтылымды айқындайтын қосымша бағдарламалық қамтылым;

4) деректер базасы қамтылған файл;

5) әзірленген бағдарламалық қамтылымды үшін пайдаланылатын лицензиялық бағдарламалық қамтылымды күйге келтірулер кешені.

6. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алу және сақтау "Электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізгеннен кейін жүзеге асырылады.

7. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иесі "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша операторға әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (болған кезде) және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету параметрлері кешенін (бұдан әрі - өтінім) есепке алуға және сақтауға өтінім жібереді.

8. Оператор өтінімді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келіп түскен өтінімдерді "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында тіркейді және үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін қабылдауға арналған репозитарий қалыптастырады.

9. Репозитарий қалыптастырылғаннан кейін Оператор үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің меншік иесінен және (немесе) иесінен бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар ете отырып, осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес олар қабылданғаннан кейін әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (болған кезде) және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуінің баптаулар кешенін қабылдайды.

10. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иесі бірнеше рет пайдалану және (немесе) жоғалтқан жағдайда Оператор оған өзі әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етулерді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (болған кезде) және уәкілетті органды хабардар ете отырып, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету параметрлерінің кешенін жүктеу үшін репозитарийге қолжетімділікті ұсынады.

11. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісін пайдалану тоқтатылған кезде "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иесі бұл туралы операторға он жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Оператор хабарламаны алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде әзірленген бағдарламалық қамтылымды, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтылым параметрлерінің кешенін "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің меншік иесіне және (немесе) иесіне осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес уәкілетті органның хабарламасымен нысан бойынша қабылдау-беру актісі бойынша беруді жүзеге асырады.

12. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иесі оператордан әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (болған кезде) және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету параметрлері кешенін қабылдағаннан кейін оларды "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес мемлекеттік мұрағатқа беруді қамтамасыз етеді.

13. Оператор өткен жарты жылдықтан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей уәкілетті органға әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (болған кезде), "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету параметрлерінің кешенін және тізілімге енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етуді есепке алуды және сақтауды жүзеге асыру шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы есепті (еркін нысанда) ұсынады.

14. Бағдарламалық қамтамасыз етудің меншік иелері және (немесе) иелері оны Тізілімге енгізгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етудің параметрлер кешенін операторға беруді қамтамасыз етеді.

Бастапқы кодтарды беру Қағидаларға 3, 4-қосымшаға сәйкес үшінші тұлғаларға ақпаратты қабылдау-беру актісі, құпиялылық және жария етпеу туралы келісім қоса берілетін өтінім бойынша (еркін нысанда) 2 данада және бастапқы кодтары бар электрондық ақпарат тасығышта жүзеге асырылады.

Әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (бар болса) және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету параметрлерінің кешенін беру өтінім бойынша (еркін нысанда) жүзеге асырылады, оған қоса беріледі:

- 1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес екі данада қабылдау-тапсыру актісі;
- 2) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құпиялылық және ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы келісім екі данада;
- 3) бастапқы кодтары бар электрондық ақпарат жеткізгіш.

15. Оператор құжаттарды алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Қағидалардың 14-тармағына сәйкес қабылдау-беру актісінде көрсетілген мәліметтердің электрондық жеткізгіште орналастырылған ақпаратпен сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

16. Оператор бастапқы кодтарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды есепке алуға және сақтауға жібереді:

- 1) бағдарламалық қамтамасыз ету тізілімде жоқ;

2) актіде көрсетілген мәліметтер электрондық ақпарат тасығышта нақты орналастырылған мәліметтерге сәйкес келмесе;

3) электрондық ақпарат тасығыштың жұмыс қабілеттілігі.

17. Бастапқы бағдарламалық кодтарды есепке алу мен сақтауға қабылдау кезінде оператор бағдарламалық қамтамасыз етудің меншік иесі мен иесіне ақпаратты қабылдау-беру актісіне және құпиялылық және ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы келісімге қол қояды.

18. Операторға есепке алу және сақтау, бастапқы бағдарламалық кодтар (болған кезде) және лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің баптаулар жиынтығы үшін берілген әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етудің толықтығы мен сенімділігін оның меншік иесі және (немесе) иесі қамтамасыз етеді.

19. 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тізілімге енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етудің меншік иелері және (немесе) иелері әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етудің есепке алу мен сақтауға арналған параметрлер кешенін операторға береді.

"Электрондық үкіметтің"
ақпараттандыру объектілерінің
әзірленген бағдарламалық
қамтылымын, бастапқы
бағдарламалық кодтарын
(болған кезде), лицензиялық
бағдарламалық қамтылымын
баптау кешенін есепке алу және
сақтау қағидаларына
1-қосымша
Нысан

"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенін есепке алуға және сақтауға өтінім

Өтініш беруші ұйымның толық атауы немесе өтініш беруші жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылымын баптау кешенінің атауы _____

Ақпараттық жүйенің "Электрондық үкімет" архитектуралық порталындағы
коды:

Дана саны:

Әрбіреуі мынадай жиынтықта:

| р/с № | CD/ құжаттың атауы | файл/ жеткізгіштегі парақтар саны | Қ а ғ а з жеткізгіштегі парақтар саны | CD сериялық нөмірі | CD көлемі (Мгб) | Түпнұсқа (Т) Көшірме (К) |
|-------|-----------------------|---|---|-----------------------|-----------------|-----------------------------|
|-------|-----------------------|---|---|-----------------------|-----------------|-----------------------------|

Бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың иеленушісі туралы мәліметтер

Иеленушінің толық атауы

Ведомстволық бағыныстылығы:

Ұйымның қысқартылған атауы:

Мекенжайы: / /

индексі

Тел.: Факс:

E-mail: Http://

Байланысушы тұлға:

тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) толығымен

Бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік техникалық құжаттаманың әзірлеушісі туралы мәліметтер

Ұйымның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Ведомстволық бағыныстылығы: _____

Ұйымның қысқартылған атауы: _____

Мекенжайы: / _____ / _____

индексі

Тел.: _____ Факс: _____

E-mail: _____ Http:// _____

Байланысушы тұлға: _____ тегі,

аты, әкесінің аты (болған кезде) толығымен

Авторлар туралы мәліметтер

Автор (лар): _____

Сертификаттау туралы мәліметтер: _____

Шығарылған жылы: _____

Нұсқасы: _____

Бағдарламала тілі: _____

Шығарылған күні: _____

Аңдатпа (мақсаты): _____

Ең төменгі жүйелік талаптар

Компьютер түрі, процессор, сопроцессор, жиілік: _____

Оперативтік жады

(RAM) қажет: _____

Винчестерде _____

Операциялық жүйелер: _____

Бейнежүйе: _____

Акустикалық жүйе: _____

Қосымша жабдық: _____

Қосымша бағдарламалық құралдар: _____

Басқалар: _____

Заңсыз таралудан қорғау (бар болуы, жалпы сипаттамасы): _____

Қаржыландыру көздері (астын сызу): республикалық бюджет, жергілікті бюджет, мемлекеттік бюджеттік емес қорлар, жеке қаражат, грант қаражаттары, сыртқы қарыздар, несие, өзге де заңды және жеке тұлғалардың қаражаты.

| | |
|------------------------------------|--------------------------------|
| Мөр орны (болған кезде) күні | _____ иесінің қолы _____ |
|------------------------------------|--------------------------------|

"Электрондық үкіметтің"
ақпараттандыру объектілерінің
әзірленген бағдарламалық
қамтылымын, бастапқы
бағдарламалық кодтарын
(болған кезде), лицензиялық

бағдарламалық қамтылымын
баптау кешенін есепке алу және
сақтау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Өтінімдерді тіркеу

| р/с № | Өтінім нөмірі | Келіп түскен күні | Мемлекеттік органның атауы | Өтінім беруші (өтінімге қол қойған басшы) | Қабылдады | |
|-------|---------------|-------------------|----------------------------|---|----------------------------------|------|
| | | | | | Аты-жөні, тегі (болған жағдайда) | Қолы |

"Электрондық үкіметтің"
ақпараттандыру объектілерінің
әзірленген бағдарламалық
қамтылымын, бастапқы
бағдарламалық кодтарын
(болған кезде), лицензиялық
бағдарламалық қамтылымын
баптау кешенін есепке алу және
сақтау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қабылдау-тапсыру актісі

"__" _____ ж. қ. Астана

Осы Акт _____ (ұйымның атауы) бағдарламалық жасақтаманың бастапқы кодтары мен параметрлер кешенін сақтауға қабылданды _____ (ұйымның атауы), в төмендегі деректерге сәйкес:

1. Бағдарламалық жасақтаманың атауы _____ (бұдан әрі-БҚ).

2. БЖ қысқаша аннотациясы _____

_____ (тағайындау және қолдану саласы).

3. Бағдарламалық қамтылымның бастапқы кодтары және параметрлер кешені туралы ақпарат:

1) Қолданбалы БЖ-ның бастапқы кодтары:

| р/с № | Дискіні таңбалау ((бағдарламалық жасақтаманың атауы және нұсқасы) | Дискідегі каталогтың атауы | Файлдың атауы | Файлдың көлемі, Мбайт | Пайдаланылатын бағдарламалау тілі (қажет болған кезде) | Файл түрлендірілген күні |
|-------|--|----------------------------|---------------|-----------------------|--|--------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

2) Пайдаланылатын кітапханалар мен бағдарламалық платформаның(лардың) бастапқы кодтары:

| р/с № | Дискіні белгілеу (бағдарламалық жасақтаманың атауы және нұсқасы) | Дискідегі каталогтың атауы | Кітапхана / бағдарламалық платформа/файл атауы | Көлемі, Мбайт | Бағдарламалау тілі | Кітапхана нұсқасы |
|-------|--|----------------------------|--|---------------|--------------------|-------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | |
|--|--|
| <p>4. БҚ-ның бастапқы кодтарын қабылдайтын ұйымынан: _____ (лауазымы) _____ (Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған кезде) _____ қолы м.о.</p> <p>5. Есепке алу және сақтау үшін бастапқы кодтарды қабылдайтын ұйым тұлғаларының байланыс деректері: 1) Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған кезде): _____; 2) лауазымы: _____ 3) жұмыс телефоны: _____, ұялы телефон: _____; 4) электрондық пошта мекенжайы: E-mail: _____@_____.</p> | <p>БҚ-ның бастапқы кодтарын беретін ұйымынан: _____ (лауазымы) _____ (Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған кезде) _____ қолы м.о.</p> <p>Есепке алу және сақтау үшін бастапқы кодтарды беретін ұйым тұлғаларының байланыс деректері: 1) Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған кезде): _____; 2) лауазымы: _____ 3) жұмыс телефоны: _____, ұялы телефон: _____; 4) электрондық пошта мекенжайы: E-mail: _____@_____.</p> |
|--|--|

"Электрондық үкіметтің"
 ақпараттандыру объектілерінің
 әзірленген бағдарламалық
 қамтылымын, бастапқы
 бағдарламалық кодтарын
 (болған кезде), лицензиялық
 бағдарламалық қамтылымын
 баптау кешенін есепке алу және
 сақтау қағидаларына
 4-қосымша
 Нысан

Құпиялылық және ақпаратты жария етпеу туралы келісім

| | |
|-----------|----------------------|
| Астана қ. | "__" _____ 202__ жыл |
|-----------|----------------------|

_____, (Сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп

өнімдерінің тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз ету иесінің (иесінің) атауы/ Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған кезде))

бұдан әрі "Меншік Иесі (Иесі)" деп аталатын тұлғада _____, негізінде әрекет етеді _____, бір жағынан және болашақта "Оператор" деп аталатын "Ұлттық ақпараттық технологиялар" Акционерлік қоғам _____ жарғы негізінде әрекет ететін _____, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын ақпаратты сақтау және таратпау мақсатында осы Күпиялылық және ақпаратты жария етпеу туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) төмендегілер туралы жасасты:

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Келісімнің мақсаттары үшін мәтін бойынша бас әріптермен жазылғанда төмендегілерді білдіретін ұғымдар (терминдер, анықтамалар) пайдаланылады:

1) құпия ақпарат – заңнамаға, келісімге, меншік иесінің (Иесінің) ішкі актілеріне сәйкес қолжетімділігі шектелген (құпиялылығы белгіленген), яғни осы ақпаратқа қол жеткізуді (Рұқсатты) алған тұлға (Оператор) орындау үшін мұндай ақпаратты үшінші тұлғаға бермеуге (жария етпеуге) міндетті талап белгіленген ақпарат меншік иесінің (Иесінің) жазбаша келісімінсіз тұлғаларға;

2) осы Келісім шеңберіндегі құпия ақпаратқа қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің бастапқы кодтары, пайдаланылатын кітапханалар мен бағдарламалық платформалардың(лардың) бастапқы кодтары мен орындалатын файлдары жатады;

3) "үшінші тұлғалар" – тараптарды, сондай-ақ олардың қызметкерлерін, аффилиирленген тұлғаларды қоспағанда, кез келген жеке немесе заңды тұлға;

4) "құпия ақпаратты жария етпеу және пайдаланбау" – оператордың (оның лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің, серіктестерінің) заңды немесе жеке тұлғалар болсын үшінші тұлғаларды меншік иесінің (иесінің) құпия ақпаратымен кез келген нысанда қасақана немесе қасақана танысуы;

5) рұқсат беру – оператордың құпия ақпаратқа (оның кез келген бөлігіне) Меншік иесі (Иесі) айқындайтын нысанда және шектерде және Оператор бұл мәліметтерді құпия сақтайтын, үшінші тұлғаларға жария етпейтін, осындай ақпаратты сақтау үшін тиісті жағдайлар жасайтын және оларды кез келген басқа адамдарға пайдаланбайтын жағдайларда қол жеткізу құқығын ресімдеу бұл Меншік иесінің (Иесінің) немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның келісімімен және (немесе) жазбаша келісімімен (рұқсатымен) айқындалғаннан басқа тәсілмен;

6) жария ету – оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі), оның ішінде құпия ақпараттың кез келген ықтимал нысанда (ауызша, жазбаша немесе өзге де нысанда, оның ішінде техникалық құралдарды пайдалана отырып) меншік

иесінің (иесінің) жазбаша келісімінсіз немесе үшінші тұлғаларға белгілі болатын берілуі, таратылуы, ашылуы, жария етілуі ол уәкілеттік берген адам немесе осындай келісімді бұза отырып не Келісімге қайшы, сондай-ақ құпия ақпаратты сақтау үшін қажетті барлық шараларды қабылдамау, соның салдарынан мұндай ақпаратты жария ету орын алды.

2-тарау. Оператордың міндеттері

2.1. Оператор "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 19) тармақшасына сәйкес әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді, бастапқы бағдарламалық кодтарды, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету параметрлері кешенін, сондай-ақ сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімі тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етуді есепке алуды және сақтауды жүзеге асырады және өзіне мыналарды қабылдайды міндеттемелер:

2.2. құпия ақпаратты осы Келісімнің 2.1-тармағында көрсетілген міндеттемелердің орындалуына байланысты ғана пайдалануға;

2.3. өзіне белгілі болатын құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу;

2.4. осы Келісімнің талаптарын орындау.

3-тарау. Ақпаратты қорғау шаралары

3.1. Меншік иесі (Иесі) операторға құпия ақпаратқа қол жеткізуді оператор оны қорғау жөніндегі шараларды орындайтын шарттармен береді:

3.1.1. құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау (үшінші тұлғалардың осындай ақпаратпен танысуы және (немесе) аталған тұлғаларға осындай ақпаратты беруі);

3.1.2 құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуді уақтылы анықтау және жолын кесу;

3.1.3. құпия ақпараттың қорғалу деңгейін қамтамасыз етуді тұрақты бақылау;

3.1.4 құпия ақпаратты сақтаудың техникалық құралдарына әсер етуді болдырмау;

3.1.5 құпия ақпаратқа қол жеткізген тұлғаларды есепке алу;

3.1.6. құпия ақпаратқа рұқсатсыз әсер етудің (ақпараттың бұрмалануына, қолдан жасалуына, жойылуына (толық немесе ішінара), ұрлануына, заңсыз ұстап қалуына, көшірілуіне, бұғатталуына, сондай-ақ ақпараттың материалдық жеткізгішінің жұмыс істеуінің жоғалуына, жойылуына немесе істен шығуына әкеп соғатын ақпаратты өзгертудің белгіленген қағидаларын бұза отырып, ақпаратқа әсер етудің) алдын алу;

3.1.7. құпия ақпаратқа байқаусызда әсер етудің (пайдаланушылардың кателіктері, техникалық және бағдарламалық құралдардың істен шығуы, табиғи құбылыстар немесе бұрмалауға, қолдан жасауға, жоюға (толық немесе ішінара), ұрлауға, заңсыз ұстап алуға, көшіруге, құпия ақпаратқа қол жеткізуді бұғаттауға, сондай-ақ құпия ақпаратқа қол жеткізуді бұғаттауға әкеп соқтыратын ақпаратты өзгертуге бағытталмаған өзге де оқиғалар салдарынан ақпаратқа әсер етудің алдын алу электрондық ақпарат тасығыштың жоғалуы, жойылуы немесе жұмыс істемеуі);

3.1.8. құпия ақпаратқа қасақана әсер етудің (қасақана әсер етудің, оның ішінде электромагниттік және (немесе) құқыққа қайшы мақсатпен жүзеге асырылатын басқа да физикалық сипаттағы әсердің) алдын алу.

4-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Оператордың құпия ақпаратты жария етуі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады.

4.2. Құпия ақпаратты заңсыз пайдаланудың және (немесе) жария етудің анықталған фактілері және (немесе) оператордың кінәлі құқыққа қарсы мінез-құлқы (әрекеті немесе әрекетсіздігі) және кінәлі құқыққа қарсы мінез-құлық пен келтірілген залалдар арасындағы себеп-салдарлық байланыс нәтижесінде оператордың меншік иесіне (Иесіне) келтірілген залалдар операторды жауапқа тарту үшін негіз болып табылады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

5.1. Келісімнің қолданылуы оған тараптар қол қойған күннен басталады. Бұл ретте Тараптар меншік иесінің (иеленушінің) құпия ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы осы құпия ақпаратқа қатысты қандай да бір формальдылықтардың орындалуына (оны тіркеуге, куәліктер алуға және т.б.) қарамастан туындайтынын және меншік иесінің (иеленушінің) құпия ақпаратты қорғау құқығының бүкіл қолданылу мерзіміне қолданылатынын түсіне отырып.

5.2. Келісім, сондай-ақ Келісімнің орындалуына байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндірілуге жатады.

5.3. Келісімнен немесе оған байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы реттелуге жатады.

5.4. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісімнің мазмұны үшінші тұлғаларға жария етілуге жатпайды.

5.5. Келісім 2 (екі) данада жасалды және тараптар қол қойды, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан.

Тараптардың қолдары

| | |
|---|-----------------------------|
| Меншік Иесінен (Иесінен): _____ | Оператордан _____ |
| _____ | _____ |
| Мөр орны | Мөр орны |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК